

«Baby City»

Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БИН 161240009536

ИИК KZ976010141000319512

АҚ «Қазақстан Халық банкі», Атырау қ.

БИК HSBKZKX



Товарищество с ограниченной ответственностью

«Baby City»

БИН 161240009536

ИИК KZ976010141000319512

в АО «Народный Банк Казахстана», г. Атырау,

БИК HSBKZKX

БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 20 қараша

Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 23-Н/Қ

город Атырау

Мемлекеттік аттестациядан өту қорытындысы туралы

«Baby city» ЖШС-і / бұдан әрі - мекеме/ Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесінің 17 қараша 2023 жылғы №292 -н/қ бұйрығына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылдың 27 қараша күні мемлекеттік аттестациялау қорытындысы бойынша мектеп-балабақша педагогикалық кадрларымен кезектес тыс педагогикалық кеңес өткізілсін.
2. Аттестация комиссиясының қорытындысы бойынша ескертулерді жою жоспары бекітілсін (қосымша №1,2).
3. 2023 жылдың 13 желтоқсанына дейін ескертулерді жою жоспары және сәйкес келмеген кемшіліктер түзетіліп, қосымша іс-шаралар материалдары кешен сайтына жүктелсін. Сайтқа жүктеу мектеп бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Нургалиеваға, балабақша бойынша балабақша меңгерушісі Н.Г. Бегалиеваға жүктелсін.
4. Осы бұйрықтың толықтай орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



М.К.Сулимова

Таныстым:

Г.С. Нургалиева

Н.Г. Бегалиева



**«Baby City» ЖШС балабақшасы бойынша
мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы
бойынша ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды
іске асыру жоспары**

№	Білім беру қызметін бағалау кезінде ұсынылған әдістемелік ұсынымдар	Білім беру қызметін бағалау кезінде ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды іске асыру жөніндегі іс-шараның атауы	Іс-шараның жоспарланған ұзақтығы	Нәтижесі
1	Циклограммалар толтыру барысында жіберілген қателіктерді ескеру, алдағы уақытта болдырмауды бақылау	Циклограммаларды дұрыс толтыруды бақылауды қамтамасыз ету	Жыл бойы	Анықтама
2	«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 жылғы №121 бұйрығы 4 параграф 20 тармақшақшасының орындалысын қадағалау.	Марданова Маргарита Маликовнаны өзінің келісімімен тәрбиешінің көмекшісі лауазымына ауыстыру	27.12.2023ж	Бұйрық
3	Педагогтердің біліктілігін арттыру курстан өтуін қамтамасыз ету	ПШО Атырау қаласы бойынша филиалына, «Өрлеу» БАҰО Атырау филиалы басшылықтарына қызметтік хат даярлау	06.12.2023	Қызметтік хат

4	Педагогтардың мерзімінде біліктілік санаты бойынша аттестаттауға жіберу	Педагогтерді біліктілік санаты бойынша аттестаттауға жіберу	уақытында	Хаттама
---	---	---	-----------	---------

«Baby City» ЖШС балабақшасы меңгерушісі :

Бегалиева Н.Г.





«Baby City» ЖШС балабақшасы бойынша
мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы
бойынша анықталған кемшіліктерді
жоюдың іс-шара жоспары

№	Білім беру қызметін бағалау кезінде анықталған кемшіліктер	Білім беру қызметін бағалау кезінде анықталған кемшіліктерді жою жөніндегі іс-шараның атауы	Іс-шараның жоспарланған ұзақтығы	Нәтижесі
1	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1 қосымша 2 тарау 4 тармақ 2 тармақша және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы тамыздағы №348 бұйрығы 1 қосымша 2 тарау, 4 тармақ 4 және 5 тармақшаға сәйкес келмейді	2021-2022 оқу жылында «Қарлығаш» мектепалды қазақ тобының вариативтік компонентін бекітілген кесте бойынша жасақтау. Топтардың циклограммаларында вариативтік компонентті күннің екінші жартысына қою.	02.12.2023	Әдістемелік отырыс
2	«Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 жылғы №121	Марданова Маргарита Маликовнамен түсіндірме жұмысын жүргізу. Тәрбиешінің көмекшісі лауазымына ауыстыруға ұсыныс беру.	27.12.2023	бұйрық

	бұйрығы 4 параграф 20 тармақшақшаға сәйкес келмейді			
--	---	--	--	--

«Baby City» ЖШС балабақшасы меңгерушісі :



Бегалиева Н.Г.



БҰЙРЫҚ

2023 жылғы 27 қараша
Атырау қаласы

ПРИКАЗ

№ 24 – Н/Қ
город Атырау

Мемлекеттік аттестация қорытындысы бойынша

«Baby city» ЖШС-і / бұдан әрі - мекеме/ мектеп- балабақшасының 2023 жылғы 17 қарашасындағы мемлекеттік аттестациядан өту қорытындысы бойынша өткізілген кезектес тыс №3 педагогикалық кеңес хаттамасы шешімі негізінде,
БҰЙЫРАМЫН:

- Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы негізінде мектеп бойынша төмендегі мұғалімдерге ескетру берілсін:
 - Г.С. Нургалиева;
 - С.Б. Секбаталиева;
 - Н.А. Ергалиева;
 - Г.А. Бекенова;
 - А.К. Журканова;
 - Ж.К. Кабулова;
 - М.Ж. Қалдыбаева.
- «Күнделік кз» жүйесін толтыруды қадағалау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Г.С. Нургалиеваға жүктелсін.
- Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы негізінде балабақша бойынша төмендегі мұғалімдерге ескерту берілсін:
 - Н.Г. Бегалиева;
 - И.К. Зевакина;
 - Г.К. Самигонова.М.М. Марданова балабақша тәрбиешісі қызметінен тәрбиеші көмекшісі қызметіне ауыстырылсын.
- Циклограммаларды дұрыс толтыруын қадағалау балабақша әдіскері И.К. Зевакинаға жүктелсін.
- Барлық балабақша бойынша қайта аттестациялау құжаттарының толықтай толтырылуы Н.Г. Бегалиеваға жүктелсін.
- Кемшіліктер түзетіліп, 2023 жылдың 13 желтоқсанына дейін кешен сайтына жүктелсін.
- Осы бұйрықтың толықтай орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Директор



М.К. Сулимова

Таныстым:

Г.С. Нургалиева _____
Н.Г. Бегалиева _____
И.К. Зевакина _____
С.Б. Секбаталиева _____
Н.А. Ергалиева _____
Г.А. Бекенова _____
А.К. Журканова _____
Ж.К. Кабулова _____
М.Ж. Калдыбаева _____
Г.К. Самигонова _____
М.М. Марданова _____

«Baby City» ЖШС-і балабақшасының 2023 жылдың 17 қарашасында
мемлекеттік аттестациядан өту қорытындысы бойынша кезектен тыс
№3 педагогикалық кеңес хаттамасы

27.11.2023ж

Атырау қаласы

Қатысқаны: **22**

Қатыспағаны: **жөк**

Күн тәртібінде:

1. «Baby City» ЖШС-і балабақшасында жүргізілген мемлекеттік аттестаттау нәтижелерінің қорытындысы

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Baby City» ЖШС-і директоры М.Қ.Сулимова Атырау облысының білім саласында сапаны қамтамасыз ету департаменті мемлекеттік мекемесінің 17.11.2023 жылғы №292-н/к бұйрығымен таныстырды.

- Бұйрық бойынша «Baby City» ЖШС-нің білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келмегені үшін аттестатталмады. Қорытынды бойынша төмендегідей кемшіліктер орын алған.

1. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығы 1 қосымша 2 тарау 4 тармақ 2 тармақша және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы тамыздағы №348 бұйрығы 1 қосымша 2 тарау, 4 тармақ 4 және 5 тармақшаға **сәйкес келмейді.**

«Қарлығаш» мектепалды қазақ тобында вариативтік компонентке «Жас зерттеуші», «Математика негіздері», «Ағылшын тілі» 3 сағат алынған, алайда осы топ тәрбиешісі Г.Қ.Самигонова вариативтік компоненттерді бекітілген сабақ кестесіне сай циклограммада болатын күндеріне жазбаған. Сонымен қатар, вариативтік компоненттің уақыты циклограммаларда сақталмаған, күннің екінші жартысындағы жұмыста емес, таңертеңгілік инвариативтік оқу қызметтерімен бірге жоспарланып жазылған.

2. «Педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғалардың лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 31.03.2022 жылғы №121 бұйрығы 4 параграф 20 тармақшақшасына **сәйкес келмейді.**

М.М.Марданова мамандығы «Физика және информатика мұғалімі» бола тұра тәрбиеші қызметін атқарып келді. Яғни мамандығы сәйкес келмейді. Қазіргі уақытта «Атырау бизнес және право колледжінің 3 курсында оқитыны туралы анықтама ұсынылды.

Аталған мәселелерді талқылай келе, педагогикалық кеңес қаулы етеді.

Қаулы:

1. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы негізінде тәрбиешілерге бұйрық негізінде ескерту берілсін.
2. М.М.Марданованың келісімімен осы балабақшаның тәрбиеші көмекшісі қызметіне ауыстырылсын.
3. Циклограммаларды толтыру барысы туралы қателіктер ескеріліп, дұрыс толтырылуын қадағалау балабақша әдіскері И.К.Зевакинаға жүктелсін.
4. Мемлекеттік аттестаттау қорытындысы бойынша ұсынылған әдістемелік ұсынымдарды іске асыру жоспары құрылып, бекітілсін.

Педагогикалық кеңес төрайымы:

Хатшы:



Сулимова М.К

Саленова А.Б.